

PROJECT BASED LEARNING (PBL) ТЕХНОЛОГИЯСЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Касимова М.А.¹, *Ахатаева Ү.Б.², Есназар А.Ж.³, Жорабекова А.Н.⁴

^{*1,2,3,4}Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Шымкент, Қазақстан

Андатпа. Қазіргі білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыратыруда project based learning (PBL) технологиясы негізінде шығармашылықты қалыптастыру мәселесі өзекті әрі зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі. Мақалада project based learning (PBL) технологиясы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылады. Зерттеудің өзектілігін анықтау мақсатында білім беру стандартына, жолдауға, оқу бағдарламаларына және «шығармашылық іс-әрекет» ұғымын нақтылау мақсатында ғалымдардың зерттеулеріне талдау жүргізіп, зерттеудің теориялық негіздері айқындалды. Сондай-ақ, «шығармашылық іс-әрекет» ұғымына авторлық анықтама ұсынылып, шығармашылықтың негізгі кезеңдері нақтыланды. Project based learning технологиясының ерекшеліктері мен артықшылықтары қарастырылды.

Зерттеуге Шымкент қаласындағы №49 жалпы орта мектебінің 2 сыныптың 63 оқушысы қатысты. Оның 31 оқушысы - бақылау сыныбы, 32 оқушысы - тәжірибелік сынып ретінде іріктелді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2023-2024 оқу жылының I, II тоқсан аралығында іске асты. Эксперименттің анықтау кезеңінде сауалнама әдісі шығармашылықты қалыптастыруға деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік берді. Қалыптастыру кезеңі үш қадам негізінде іске асырылды: бірінші - көрме жобасын ұйымдастыру, екінші - бірнеше жобаларды ұйымдастыру, үшінші - сыни пікір білдіру. Project based learning технологиясы арқылы шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру - жобаны әзірлеудегі шығармашылық әрекетін, оқу қызметіндегі жаңа өнімін, жаңашылдық идеясын, сыни пікір білдіре алуын, оқудың кеңейтілген мүмкіндіктерін игере білуін, зияткерлік және практикалық дағдыларын қамтамасыз етеді. Ендеше, қалыптастыру кезеңінде жүргізілген жұмыстардың тиімділігін анықтау мақсатында бақылау кезеңінде қайта сауалнама алынып, нәтижесінде эксперименттік сынып пен бақылау сыныбының арасында айырмашылық байқалды. Демек, біздің эксперименттік сыныпқа ұсынған жұмыстардың тиімділігі дәлелденді деуге негіз бар.

Тірек сөздер: бастауыш сынып оқушысы, жобалау технологиясы, шығармашылық қабілет, инновациялық жоба, көрме, сыни ойлау, жаңа идея, іс-әрекет

Кіріспе

Елдің дамуы білім мен ғылымның дамуына байланысты. Жаңа инновациялық технологияларды меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыратынымыз белгілі. Оның ішінде project based learning (PBL) технологиясын білім беру процесіне енгізу арқылы шығармашылықты қалыптастыру мәселесі маңызға ие болып отыр. Бұл технология жаңа инновациялық жобалардың пайда болуына ықпал етеді. Ал, жаңа инновациялық технологиялар білім беру стандартында [1] қарастырылған кең

ауқымды дағдылардың бірі - шығармашылық іс-әрекет арқылы іске асады. Яғни, жаһандық білім берудегі жаңа мүмкіндіктердің бірі ретінде саналады.

Сондай-ақ, шығармашылық әлеуетті, шығармашылық жобаларды, өнер мен жанрдың стильдері мен түрлерін оқу бағдарламаларының білім мазмұнында қарастырылған [2]. Олай болса, біз шығармашылық іс-әрекетті жобалау әдісін қолдану арқылы іске асыратын боламыз.

Осы орайда, ҚР президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «*Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек*» [3] деген сөзі бар. Ендеше, әлемде технология уақыт өткен сайын жылдамдықпен дамып, жаңарып жатыр. Ендігі біздің міндетіміз жаңа инновациялық технологияларды меңгеру арқылы білімнің сапасын арттырып, тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ықпал жасау.

Бұл міндетті іске асыру мақсатында «шығармашылық іс-әрекет», «project based learning» атты ұғымдарды нақтылап, оны оқу процесінде іске асырудың жолдары қарастырылды.

«Шығармашылық» ұғымын жан-жақты қарастырған С.Узақбаева [4], А.Е.Әбілқасымова [5], О.С.Абильмажинова [6], А.Е.Ахметсапа [7], Д.М.Сарсекулова [8] және когнитивті процесс ретінде зерттеген Л.С.Коршунов, С.Д.Смирнова және т.б. ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргіздік.

Қазіргі педагогикалық және психологиялық зерттеулерде «шығармашылық» ұғымы «өнім» ретінде қарастырылады. Себебі, оның этимологиясы «шығару», «өнім ойлап табу» деген мағынадан тұрады. Яғни, шығармашылықтың негізінде жаңа өнімді ойлап табуға бағытталған іс-әрекетті қамтамасыз етеді.

«Шығармашылық - психологиялық процесс ретінде тек адамға ғана тән іс-әрекет» деп сөздіктерде анықтама берілген. Демек, когнитивті процесс пен іс-әрекеттің байланысы ретінде қарастырады. Ал, А.М.Коршунов өзінің зерттеуінде орта арқылы қарым-қатынас жасау, әлеуметтік маңызы бар дүниелерді өзгертуге шығармашылықтың маңызы зор деп қарастырады [6,б.22].

Осы орайда, шығармашылықты зерттеген ғалымдардың бірі А.В.Моляко шығармашылық іс-әрекеттің кезеңдерін: «*бірінші кезең* - мәселенің туындауы, оны ұғынуы мен тұжырымдауы; *екінші кезең* - мәселені шешудің болжамын ұсыну; *үшінші кезең* - болжамның дұрыстығын тексеру; *төртінші кезең* - зерттеу барысында алынған нәтижелерге талдау жасау; *бесінші кезең* - зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу» [9] деп ашып көрсетті. Бұл кезеңдерді зерттеу барысында негізге алатын боламыз.

Ал, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесін А.Е.Ахметсапа және қосалқы авторлар зерттей отырып, кәсіби шығармашылық іс-әрекетке даярлауда келесі кезеңдерін ұсынады: бірінші - шығармашылық іс-әрекетке негізделген технологиялар мен әдіс-тәсілдерді іске асыруға бағытталған дайындық кезеңі; екінші - дидактикалық және коммуникациялық ұстанымдарды қалыптастыруға

бағытталған кәсіби-бағдарлы кезең; үшінші - әдістемелік тәжірибені іске асыруға бағытталған кәсіби-мамандандырушы кезең [7,б.33].

Шығармашылық ұғымы екі мағынада қолданылады: бірі - тар мағынада, жаңа өнім ұсынудағы адамның қызметі; екіншісі - кең мағынада: жаңа өнім ұсынуда пайда болатын теориялық білім мен практикалық қызмет. Демек, Қ.Жарықбаевтың пікірінше, шығармашылық адамның қызметінде іске асып, болжауды ұсынады. Яғни, шығармашылықтың табиғаты жеке тұлғаның дамуындағы танымдық сипатына ие.

Сондай-ақ, танымдық қызығушылық пен мотивацияның әсері арқылы шығармашылыққа баулу мәселесін А.Е.Әбілқасымованың зерттеуінен көруге болады. Оның ойынша, жеке тұлғаның психологиялық және мінез-құлық ерекшеліктеріне шығармашылық іс-әрекеттің әсері мол [5,б.39]. Яғни, оқушының ізденімпаздығы мен оқуға деген белсенділігі, өнертапқыштығы мен даралығынан көруге болады. Олай болса, іс-әрекеттің ойын, оқу, еңбек түрлерінде шығармашылық іс-әрекет дамитыны заңды құбылыс.

А.А.Толбасиева және бірлескен авторларының зерттеуі бойынша, шығармашылық - ойлау операциялары арқылы мәселені шешудің жаңа тәсілін көрсететін іс-әрекеттің бірі [10]. Себебі, шығармашылық іс-әрекет таным процестерінің ішкі тетігі, жаңа өнім жасауда тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін процес ретінде қарастырылады.

Е.Тлеукеев және Н.А.Ертаевтың мақаласында: «оқу процесінде шығармашылық тапысырмаларды ұсыну арқылы оқушының бойында ізденіс-зерттеушілік дағдылар мен жаңа білім қалыптасып, өзін-өзі басқаруы мен іс-әрекеттің тұрақты стилі қалыптасады» деп пайымдайды [11]. Авторлар оқу процесін іске асыру барысында «шығармашылық тапысырмалар арқылы ізгілендіру» идеясы арқылы негіздеп қарастырады. Бұл дегеніміз, шығармашылыққа бағытталған тапысырмаларды оқу процесінде іске асыруды көздейді.

Шығармашылық белсенділік пен шығармашылық жетістік арасындағы байланысты А.Zielinska зерттеді. Оның пікірінше, шығармашылық өзін-өзі реттеуді талап етеді: жоспарлау, бақылау, мақсатты бейімдеу және эмоцияларды басқару [12]. Демек, өзін-өзі реттеу арқылы шығармашылық қызметтегі жетістіктерге жетеді.

Dorit Alt өз зерттеуінде білім алушылар үшін мәселені шешуде шығармашылық пен инновациялық мінез-құлықты ынталандыру мәселесін қарастырды [13]. Сондықтан білім алушылар сыни тұрғыдан ойлай білуі, ойлау дағдылары мен инновациялық стратегияларды әртүрлі тәсілдерде қолдана отырып шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру керек.

Отандық және шетелдік зерттеулерді талдау нәтижесінде біз, «шығармашылық іс-әрекет - мәселені шешуде өзіндік ойы мен пікірі, өзінің айқын мақсаты мен сенімі, стандартты емес ойлау дағдысы бар процесс» ретінде ұсынамыз.

Тұжырымдай келе, біз бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін Project based learning (PBL) технологиясы арқылы қалыптастырудың жолдарын қарастыратын боламыз.

Материалдар мен әдістер

Шығармалыққа бағытталған процесті жүзеге асыруда білім алушылардың сыни ойлауы, өзін-өзі басқара алуы мен мәселені шешудің нәтижесінде алынған өнімді талқылау барысында шығармашылық іс-әрекетті анықтауға арналған сауалнама әдісі жүргізілді.

Зерттеу барысында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Зерттеуге Шымкент қаласындағы №49 жалпы орта мектебінің 2 сыныптың оқушылары қатысты. Оның 31 оқушысы - бақылау сыныбы, 32 оқушысы - тәжірибелік сынып ретінде іріктелді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2023-2024 оқу жылының I, II тоқсан аралығында іске асты.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың мотивациялық, шығармашылық-танымдық, интеллектуалдық компоненттерін негізге ала отырып, оның өлшемдері мен көрсеткіштерін нақтыладық. Бұл зерттеуде мотивациялық компоненттің өлшемі ретінде: «шығармашылық ұмтылыс»; ал көрсеткіштері ретінде: «маңызды нәрсе жасауға деген ұмтылыс», «жаңа идея ұсынуға деген талпыныс», «оқуға деген белсенділік ұстанымы» негізге алынды. Мотивациялық компонентте оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға деген талпынысы пен белсенділігін анықтау мақсатында авторлық сауалнама және «Шығармашылыққа бейімділік» диагностикалық әдістемесі қолданылды.

2023 жылдың қыркүйек айында екі сыныпқа да сауалнама және диагностикалық әдістеме қолданылды. Бұл оқушылардың шығармашылықты қалыптастыруға деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік берді.

Сауалнама сұрақтарының мазмұны: шығармашылық ұғымы туралы білімнің болуы, шығармашылық іс-әрекеттің адам өміріндегі маңызы, шығармашылығы дамыған адамның қатарында өзің есептеуі және т.б. бағытта ұсынылған. Ал, «Шығармашылыққа бейімділік» диагностикалық әдістемесінің мақсаты: оқушылардың шығармашылыққа бейімділігін анықтау. Сұрақтардың мазмұны: сұрақ қоюға, ойын ойнауға, жаңа идея ұсынуға, ұлы адамдар туралы білуге, жаңа жұмысқа қызығушылық танытуы, өнер көрсету және т.б. деген белсенділігі мен талпынысын анықтауға бағытталған.

Нәтижелер және талқылау


Бірінші - сауалнаманың нәтижесі келесідей нәтижелерді көрсетті (кесте 1):

Кесте 1 - Сауалнаманың нәтижесі (анықтау кезеңі)

Сұрақтардың тізімі	Бақылау сыныбы (n=31)			Тәжірибелік сынып (n=32)		
	Жауаптары					
	иә	жоқ	білмеймін	иә	жоқ	білмеймін
«Шығармашылық іс-әрекет» ұғымы танып па?	16,1% (5)	51,6% (16)	32,3% (10)	18,6% (6)	43,9% (14)	37,5% (12)
Оқу процесінде шығармашылыққа бағытталған тапсырмалардың болғанын қалайсың ба?	38,7% (12)	35,5% (11)	25,8% (8)	37,5% (12)	37,5% (12)	25% (8)

Өзіңізді шығармашыл адам деп санайсыз ба?	16,1% (5)	48,4% (15)	35,5% (11)	18,6% (6)	43,9% (14)	37,5% (12)
Шығармашылықты дамытуды мақсат етесіз бе?	16,1% (5)	48,4% (15)	35,5% (11)	15,6% (5)	46,9% (15)	37,5% (12)

Сауалнаманың нәтижесі жоғары көрсеткішті көрсетпегенін көрсетті. Бұл дегеніміз оқу процесін шығармашылыққа бағытталған әрекеттерді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Нәтиженің диаграмма түрінде көрінісі төмендегідей (сурет 1).



Сурет 1 - Бақылау және тәжірибелік сыныптың сауалнама нәтижелері (экспериментке дейін)

Алынған деректерді талдау нәтижесінде: 1-ші сұраққа оң жауап бергендер 16,1%, 18,6% (бұдан әрі қарай бірінші - бақылау сыныбы, екінші - тәжірибелік сыныптың көрсеткіштері); екінші сұраққа 38,7%, 37,5%; үшінші сұраққа 16,1%, 18,6%; төртінші сұраққа 16,1%, 15,6% жауап берді. Біз алған мәліметтер оқушылардың бойында негізгі ұғымның жеткіліксіз дәрежеде екенін көрсетеді.

Екінші - «Шығармашылыққа бейімділік» диагностикалық әдістемесінің нәтижелерін ұсынамыз (кесте2).

Кесте 2 - Диагностикалық әдістеменің нәтижесі (анықтау кезеңі)

Деңгейлері	Бақылау сыныбы	Тәжірибелік сынып
жоғары	12,9%	9,4%
орта	45,2%	50%
төмен	41,9%	40,6%

Нәтижелерді талдау: жоғары деңгей 12,9%; 9,4% (бұдан әрі қарай бірінші бақылау сыныбы, екінші тәжірибелік сынып), орта деңгей 45,2%; 50%; төменгі деңгей 41,9%; 40,6%. Олай болса, оқушылардың жаңа идея ұсынуға, ұлы адамдар туралы білуге, жаңа жұмысқа деген қызығушылығының төмендігін анықтадық.

Ендеше, келесі кезекте қалыптастыру кезеңі іске асырылды. Бұл кезеңде 2023-2024 оқу жылының I, II тоқсан аралығында әр аптаның сейсенбі күні зерттеу жұмысына негізделген жеке сабақтар ұйымдастырылды.

Олай болса біз, шығармашылық іс-әрекетті Project based learning технологиясы арқылы қалыптастырудың жолдарын қарастыратын боламыз.

Жобалау технологиясын іске асыруда мұғалімнің нұсқауы қажет. Бұл технология - мәселелерді нақты іс-әрекеттегі тәжірибелеріне сүйене отырып, жаңа білімді жинақтау және біріктірудің алғашқы қадамы ретінде қолданатын оқыту моделі. Сондай-ақ, жетекші сұрақ қоюдан және әр түрлі пәндерді біріктіретін бірлескен жобаға бағыттаудан басталып, нақты тақырыпты тереңінен зерттеу арқылы оқушылардың күш-жігерін талап етеді.

Ендеше, PBL технологиясының оқу процесінде іске асырудың үш қадамын қарастырамыз:

Бірінші қадам - көрме жобасын ұйымдастыруға бағытталған. Демек, оқушылар «2.2.3.1 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру» оқу мақсатының негізінде табиғи материалдардан: кептірілген жапырақ, асқабақ, ағаштың тамырлары, бұтақтары, қауын, асқабақ тұқымдары және жұмыртқаның қабығы, жүн, құс, тері, құм, су тастары және т.б. заттарды қолдана отырып бұйымдар жасайды. Мәселен, әр түрлі кейіптегі жануарларды жасайды. Бұл жасалған заттардың негізінде көрме жұмыстары ұйымдастырылады. Бұл көрмені саябақтарда өткізуге болады.

Көрмені әзірлеуде пәнаралық білімді іске асыру мақсатында төмендегідей тапсырмалар ұсынылды:

1-тапсырма. Жоба қандай реттілікпен және қандай заттардан жасалған?

2-тапсырма. Жануардың дене мүшесін анықта?

3-тапсырма. Жануар туралы дереккөздерден мәлімет жина.

4-тапсырма. Қарағай туралы өлең айтыңыз.

5-тапсырма. Жоба негізінде идея ұсын.

6-тапсырма. Өсімдіктерден не алуға болады?

7-тапсырма. Өсімдіктердің тамырлары бір-біріне ұқсайды ма? Қандай ұқсастық пен айырмашылық бар?

Міне, осындай бағыттағы жобалар арқылы көрме жұмыстарын ұйымдастыру оқушылардың ізденімпаздығын, шығармашылық іс-әрекетін, ойлау ерекшелігін, өз жобасын ұсынуда пікірі мен ойын дәлелдеуді, тұжырым жасауды, жаңа идея ұсынуды, өзін-өзі бағалауды іске асыруға мүмкіндік береді.

Екінші қадам - бірнеше жобаларды ұйымдастыруға бағытталған. Бұл жағдайда мұғалімнен басқа рөл атқаруды талап етеді. Мұғалім гид, кеңесші, үйлестіруші қызметін атқарады. Жобаны сәтті жүзеге асыру үшін келесі кезеңдер іске асырылады: бірінші кезең - жоба тақырыбын талқылау. Тақырып оқушы үшін қызық, әрі мәселені шешуді қамтамасыз етеді; екінші кезең - жобалық ішараларды жобалау. Жобаны орындаудағы әр оқушының рөлін бөлу, шешімдерді қамтитын зерттеу сұрақтарын құрастыру, аұпарат көздерімен танысу және т.б. әрекеттер орындалады. Үшінші кезең - жобалық

ісшараларды өткізу. Оқушылар ақпараттармен бөлісіп, ынтымақтастық қарым-қатынаста мәселені шешудің жолдарын талқылайды, ұсыныстар беріледі. Демек, оқушының жобаны іске асырудағы әр кезеңіндегі қадамдары, іс-әрекеттері құнды. Өйткені олар біткен жобаның өнімін ғана бағалап қоймай, жобаны әзірлеудегі қаншама шығармашылыққа бағытталған әрекеттері бағаланады.

Үшінші қадам - жобаға сыни пікір білдіруге бағытталған. Бұл бағытта екінші қадамда ұсынылған жобаларға сыни пікір айтылады. Әсіресе пікір мен ұсынысты оқушылар бір-бірінің жұмыстарына айтады. Бұл қадамды іске асырудағы басты мақсат - бір-бірімен пікірлесу, сыни пікір білідіре білу, өз кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік беру. Олай болса, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі бағалауға, өзгенің пікірін тыңдай білуге, өз кемшіліктерін анықтай отырып, жұмысты одан әрі жақсартудың жолдарын іздеуге бағыттайды. Бұл сыни пікір білдіруге бағытталған сабақтар оқушының шығармашылығын жоғары деңгейге жеткізуге мүмкіндік беретіні сөзсіз деп білеміз. Мәселен, төмендегідей сұрақтар ұсынылады:

- Жобаның күшті және әлсіз жақтарын ата?
- Жобаны әзірлеуде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?
- Жобаны жақсартудың жолдарын ата?

Осындай сұрақтарды қоя отырып, жоба туралы сыни пікір білдіруге дағдыландырамыз

Жалпы, жобаға деген үшқын оқушының талпынысы мен құлшынысынан пайда болады. Бұл бағыттағы жұмыстар оқушылар үшін ғана емес, оқудың кеңейтілген мүмкіндіктері болып табылады. Яғни, шығармашылығын іске асыруға мүмкіндік беріп, сапалы жұмыс жасауға итермелейді. Жобаны жасауда дәлелді маңызды сұрақтар туралы ой келеді. Бұл сұрақтардың үш негізгі көрсеткіштері:

- Шынайы әлемде қоятын сұрақтар болуы керек.
- Интеллектуалдық қабілетті оятатын, қызығушылығын одан әрі арттыратын сұрақ болуы керек.
- Қиялын тудыратын сұрақ болуы керек.


Бұл бағыттағы жұмыстар оқушының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталатындығы сөзсіз. Оқушылар жобаларды орындаған кезде өздерінің іс-әрекеттеріне баға беріп, шығармашылық қабілеттерімен ерекшеленеді. Өздерінің жұмысын қалың көрерменге ұсынады, көрме жұмысын ұйымдастырады, өздеріне деген сенімділігі артады. Бірнеше жобаларды жасау және сынды іздеу қалыпты жағдайға айналады, зерттеу этика қалыптасады, өзінің жоғары деңгейге жетуін талап етеді. Бұл жобалар бірнеше пәндерді біріктіреді, интеграцияланған білімнің нәтижесінде тұтас білім қалыптасады.

Олай болса, қалыптастыру кезеңінде іске асырылған жұмыстардың тиімділігін анықтау мақсатында бақылау кезеңі жүргізілді. Бақылау кезеңінде оқушылардан сауалнама қайта алынып, оның нәтижесін ұсынатын боламыз (кесте 3):

Кесте 3 - Сауалнаманың нәтижелері (бақылау кезеңі)

Сұрақтардың тізімі	Бақылау сыныбы (n=31)			Тәжірибелік сынып (n=32)		
	Жауаптары					
	иә	жоқ	білмеймін	иә	жоқ	білмеймін
«Шығармашылық іс-әрекет» ұғымы таныспа?	35,5% (11)	38,7% (12)	25,8% (8)	84,4% (27)	6,3% (2)	9,3% (3)
Оқу процесінде шығармашылыққа бағытталған тапсырмалардың болғанын қалайсың ба?	48,4% (15)	29% (9)	22,6% (7)	78,1% (25)	6,3% (2)	15,6% (5)
Өзіңізді шығармашыл адам деп санайсыз ба?	35,5% (11)	35,5% (11)	29% (9)	68,8% (22)	15,6% (5)	15,6% (5)
Шығармашылықты дамытуды мақсат етесіз бе?	32,3% (10)	38,7% (12)	29% (9)	78,1% (25)	9,3% (3)	12,6% (4)

Кестеде ұсынылған нәтижелердің диаграмма түріндегі суреті төмендегідей (сурет 2):



Сурет 2 - Бақылау және тәжірибелік сыныптың сауалнама нәтижелері (эксперименттен кейін)

Сауалнаманың нәтижелерін талдау барысында екі сыныптың арасында айырмашылық байқалды. Демек, 1-ші сұраққа оң жауап бергендер 35,5%, 84,4% (бұдан әрі қарай бірінші - бақылау сыныбы, екінші - тәжірибелік сыныптың көрсеткіштері); екінші сұраққа 48,4%, 78,1%; үшінші сұраққа 35,5%, 68,8%; төртінші сұраққа 32,3%, 78,1% жауап берді.

Енді бақылау кезеңіндегі «Шығармашылыққа бейімділік» диагностикалық әдістемесінің нәтижелерін ұсынамыз (кесте 4).

Кесте 4 - Диагностикалық әдістеменің нәтижелері (бақылау кезеңі)

Деңгейлері	Бақылау сыныбы		Тәжірибелік сынып	
жоғары	12,9%	19,4%	9,4%	25%
орта	45,2%	61,3%	50%	65,6%
төмен	41,9%	19,3%	40,6%	9,4%

Нәтижелерді талдау: жоғары деңгей 19,4%; 25% (бұдан әрі қарай бірінші бақылау сыныбы, екінші тәжірибелік сынып), орта деңгей 61,3%; 65,6%;

төменгі деңгей 19,3%; 9,4%. Олай болса, бұл көрсеткіштер тәжірибелік сыныпта жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болғандығын көрсетеді.

Талқылау

Зерттеудің негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін project based learning (PBL) технологиясы арқылы қалыптастыру болып табылады. Зерттеу барысында PBL технологиясын оқу процесінде іске асыру арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті қалыптасқандығын байқадық. Зерттеулердің нәтижелерін салыстырғанда тәжірибелік сынып деңгейінің біршама жоғары деңгейге көтерілгендігін анықтадық.

Осы орайда, J.Larmer және бірлескен авторлардың ойынша, жобалау технологиясының мазмұны бірнеше ерекшеліктерден тұрады: біріншіден, жоба білім алушы үшін шынайы әрі өзекті болып табылатын мәселелерді зерттеуге, олардың қызығушылығы мен мотивациясын ынталандыруды қамтамасыз етеді. Екіншіден, жобаны әзірлеуде белсенді рөл атқара отырып, сыни ойлау мен шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Демек, білім алушыларға терең және тұрақты қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді [14].

Осы орайда, S.Supriyanti өзінің зерттеуінде Project based learning технологиясын оқытудың артықшылықтарын қарастырды:

- білім алушыларды ізденіс арқылы мәселені шешуге, жобаға негізделген шынайы тапсырмаларға қатыстырады. Бұл ішкі мотивациясы мен белсенділігін арттырады. Сондай-ақ, мәселені шешуде өз бетінше кірісіп, нақты қиындыққа тап болған кезде ғана жобалау арқылы оқытудың мағыналы болатындығын атап өтуге болады;

- білім алушыларды әлемнің сырымен байланысты күрделі жобаларды іске асыру арқылы мазмұнды оқытуға баса назар аударылады. Ұғымдарды түсіну арқылы қызығушылығы мен ынтасы оянады;

- білім алушылар 21 ғасырдың дағдыларын игереді. Яғни, сыни ойлау, аналитикалық, бірлескен мәселелерді шешу дағдылары іске асады [15].

Демек, шығармашылыққа негізделген әрекеттер іске асады. Сондай-ақ, сыни ойлау, бірлескен мәселені шешу, жобалық жұмыстарды іске асыру мүмкіндіктеріне ие болады. Бұл технологияның шығармашылық іс-әрекеті қалыптастыруға мүмкіндік беретінін айқындайды.

Қорытынды

Тұжырымдай келе, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесі күрделі әрі көп қырлы. Шығармашылық оқушының оқу қызметінде жаңа идея ұсынатын, зерттеу қызығушылығын тудыратын, өзіне деген сенімділігін арттыратын іс-әрекеті болып табылады. Ал, бұл қызмет Project based learning технологиясы арқылы іске асты. Бұл технология оқушының шығармашылығын іске асыруға мүмкіндік беріп, сапалы жұмыс жасауға итермелейді.

Зерттеу барысында талданған ғалымдардың еңбектерінен, біздің байқағанымыз «Project based learning» технологиясы арқылы шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру - жобаны әзірлеудегі шығармашылық әрекетін, оқу қызметіндегі жаңа өнімін, жаңашылдық идеясын, сыни пікір білдіре алуын, оқудың кеңейтілген мүмкіндіктерін игере білуін, зияткерлік және практикалық дағдыларын қамтамасыз етеді. Жобалар оқушының белсенділігін ғана емес, сонымен қатар мектеп белсенділігін дамытады.

Зерттеу жұмысынан алынған нәтижелерді одан әрі кеңейту және жалғастыру мақсатында келесі қадамдарды қарастырып, ұсынуға болады:

- бастауыш білім беру процесінде жобалау технологиясы мен шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды кеңінен қолдануға мүмкіндік жасау;
- жоба әзірлемелерінен тоқсан сайын көрме жұмыстарын ұйымдастыру;
- бірқатар пәндерді біріктіретін пәнаралық байланысқа негізделген жоба әзірлеу.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Кіру режимі: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> [Қаралған күні: 04.01.2024].

[2] 1-4-сыныптарға арналған «Еңбекке баулу» пәнінің оқу бағдарламасы / Әдістемелік нұсқаулық - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 56 б.

[3] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Кіру режимі: URL: <https://www.akorda.kz> [Қаралған күні: 04.01.2024].

[4] Узакбаева С., Сағымбай Ж. «Тұлғаның шығармашылық белсенділігі» ұғымының мәні және мазмұны //Известия. Серия: Педагогические науки. – 2021. – Т. 63. – №. 4.

[5] Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192б.

[6] Абилямажинова О.С. Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары: филос. док. ғыл. ... дис. – Алматы, 2022. – 170 б.

[7] Ахметсапа А. Е., Жолтаева Г. Н., Абуханова А. Б. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың алғышарттары //ЛН Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – №. 3. – С. 24-36.

[8] Рахметова Н.Б., Бибатыр А.Е., Манабаева А.Ш., Абдурахманова Г.А. Ұлттық құндылықтар негізінде болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру // Известия. Серия: Педагогикалық ғылымдар. – 2022. – Т. 65. – Жоқ. 2.

[9] Моляко В.А. Проблемы психологии творчества и разработка подхода к изучению одаренности. В.А. Моляко //Вопросы психологии. – 1994. №12.

[10] Толбасиева А. А., Лекерова Г. Ж., Усенова А. М. Болашақ шет тілі мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың мәні мен құрылымы //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2023. – Т. 78. – №. 2. – С. 216-225.

[11] Тлеукеев Е., Ертаев Н. Мектеп математика курсына оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жолдары //QA Iasaуы atyndaғы Halyqaralyq qazaq-túrik úniversitetiniń habarlary. – 2023. – Т. 24. – №. 1. – С. 51-60.

[12] Zielińska A., Lebuda I., Karwowski M. Dispositional self-regulation strengthens the links between creative activity and creative achievement // *Personality and Individual Differences*. – 2023. – T. 200. – C. 111894.

[13] Alt D., Kapshuk Y., Dekel H. Promoting perceived creativity and innovative behavior: Benefits of future problem-solving programs for higher education students // *Thinking Skills and Creativity*. – 2023. – T. 47. – C. 101201.

[14] Larmer, J., Mergendoller, J. R., & Boss, S. *Setting the standard for projectbased learning: A proven approach to rigorous classroom instruction*. 2015.

[15] Supriyanti S. Implementation of project-based learning in elementary schools // *Social, Humanities, and Educational Studies (SHES): Conference Series*. – 2022. – T. 5. – №. 6. – C. 1279-1285.

REFERENCES

[1] Mektepke deingi tärбие men oqytudyñ, bastauyş, negızgı orta, jalpy orta, tehnikalyq jäne käsıptik, orta bilimnen keingi bilim berudiñ memlekettik jalpyğa mindetti standart (State mandatory standard of preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and professional, post-secondary education). Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriniñ 2022 jylǵy 3 tamyzdaǵy № 348 bürıyǵy. Kırıu rejimi: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> [Qaralǵan künü: 04.01.2024]. [in Kaz.]

[2] 1-4-synyptarǵa arnalǵan «Eñbekke baulu» päniniñ oqu baǵdarlamasy (Curriculum of the discipline "labor training" for grades 1-4) / Ädistemelik nüsqaulyq - Astana: Y. Altynsarin atyndaǵy ÜBA, 2023. – 56 b. [in Kaz.]

[3] Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevyñ «Ädiletli Qazaqstannyñ ekonomikalyq baǵdary» aty Qazaqstan halqyna Joldaıy (Address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan "economic orientation of just Kazakhstan"). Kırıu rejimi: URL: <https://www.akorda.kz> [Qaralǵan künü: 04.01.2024]. [in Kaz.]

[4] Uzakbaeva S., Sagymbai J. «Tülǵanyñ şyǵarmaşylyq belsendiligi» üǵymynyñ mäni jäne mazmüny // *İzvestia. Seria: Pedagogicheskie nauki*. – 2021. – T. 63. – №. 4. [in Kaz.]

[5] Äbilqasymova A.E. Studentterdiñ tanymdyq izdenimpazdyǵyn qalyptastyru (Formation of cognitive curiosity of students). – Almaty: Bilim, 1994. – 192b. [in Kaz.]

[6] Abilmajinova O.S. Kredittik oqytu jüiesinde universitet studentteriniñ şyǵarmaşylyq qabileterin damytudyñ psihologialyq-pedagogikalyq şarttary (Psychological and pedagogical conditions for the development of creative abilities of university students in the credit system of training): filos. dok. ğyl. ... dis. – Almaty, 2022. – 170 b. [in Kaz.]

[7] Ahmetsapa A.E., Joltaeva G.N., Abuhanova A.B. Bolaşaq bastauyş synyp müǵalimderin käsibi-şyǵarmaşylyq ıs-äreketke daiarlaudyñ alǵyşarttary (Prerequisites for the preparation of future primary school teachers for professional and creative activities) // *LN Gumilev atyndaǵy Eurazia ülttyq universitetiniñ habarşysy. Pedagogika. Psihologiya. Sosiologia seriasy*. – 2023. – №. 3. – S. 24-36. [in Kaz.]

[8] Rahmetova N.B., Bibatyr A.E., Manabaeva A.Ş., Abdurahmanova G.A. Ülttyq qüندیlyqtar negızinde bolaşaq mamandardyñ şyǵarmaşylyq qabileterin jetildirü // *İzvestia. Seria: Pedagogikalyq ğylymdar*. – 2022. – T. 65. – Joq. 2. [in Kaz.]

[9] Moläko V.A. Problemy psihologii tvorchestva i razrabotka podhoda k izucheniu odarennosti (Problems of the psychology of creativity and the development of an approach to the study of giftedness) // *Voprosy psihologii*. – 1994. №12. [in Kaz.]

[10] Tolbasieva A. A., Lekerova G. J., Usenova A. M. Bolaşaq şet tılı müǵalimderiniñ şyǵarmaşylyq belsendiligin qalyptastyrudıñ mäni men qürylymy (The essence and structure of the formation of creative activity of future Foreign Language teachers) // *Vestnik KazNPU imeni Abaia, seria «Pedagogicheskie nauki»*. – 2023. – T. 78. – №. 2. – S. 216-225. [in Kaz.]

[11] Tleukeev E., Ertaev N. Mektep matematika kursynda oquşylardyñ şyǵarmaşylyq qabileterin qalyptastyru joldary (Ways to form students' creative abilities in the school mathematics course) // *QA Iasaıy atyndaǵy Halyqaralyq qazaq-türk ünıversitetiniñ habarlary*. – 2023. – T. 24. – №. 1. – S. 51-60. [in Kaz.]

[12] Zielińska A., Lebuda I., Karwowski M. Dispositional self-regulation strengthens the links between creative activity and creative achievement //Personality and Individual Differences. – 2023. – Т. 200. – S. 111894.

[13] Alt D., Kapshuk Y., Dekel H. Promoting perceived creativity and innovative behavior: Benefits of future problem-solving programs for higher education students //Thinking Skills and Creativity. – 2023. – Т. 47. – S. 101201.

[14] Larmer, J., Mergendoller, J. R., & Boss, S. Setting the standard for projectbased learning: A proven approach to rigorous classroom instruction. 2015.

[15] Supriyanti S. Implementation of project-based learning in elementary schools //Social, Humanities, and Educational Studies (SHES): Conference Series. – 2022. – Т. 5. – №. 6. – С. 1279-1285.

ТЕХНОЛОГИЯ PROJECT BASED LEARNING (PBL) КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Касимова М.А.¹, *Ахатаева Ү.Б.², Есназар А.Ж.³, Жорабекова А.Н.⁴

^{*1,2,3,4}Южно-Казахстанский педагогический университет имени
Ө.Жәнібекова, Шымкент, Казахстан

Аннотация. Проблема формирования креативности на основе технологии project based learning (PBL) в формировании конкурентоспособной личности путем внедрения новых инновационных технологий в современную систему образования является одной из актуальных и требующих изучения тем. В статье рассматривается технология project based learning (PBL) как средство формирования творческой деятельности младших школьников. В целях определения актуальности исследования проведен анализ образовательных стандартов, посланий, учебных программ и исследований ученых с целью уточнения понятия «творческая деятельность», определены теоретические основы исследования. Также было предложено авторское определение понятия "творческая деятельность" и уточнены основные этапы творчества. Рассмотрены особенности и преимущества технологии Project based learning.

В исследовании приняли участие 63 ученика 2 класса общей средней школы №49 г. Шымкент. Из них 31 ученик - в качестве контрольного класса, 32 ученика - в качестве практического класса. Опытно-экспериментальная работа проводилась в период с I по II квартал 2023-2024 учебного года. На констатирующем этапе эксперимента метод анкетирования позволил выявить отношение к формированию креативности. Этап формирования был реализован на основе трех шагов: первый - организация выставочного проекта, второй - организация нескольких проектов, третий - критическое мнение. Формирование творческой деятельности с помощью технологии Project based learning-обеспечивает творческую деятельность в разработке проекта, новый продукт в учебной деятельности, идею новизны, умение критически мыслить, владение расширенными возможностями обучения, интеллектуальные и практические навыки. Таким образом, в целях определения эффективности работы, проводимой на этапе формирования, на контрольном этапе был проведен повторный опрос, в результате которого была отмечена разница между экспериментальным классом и контрольным классом. Следовательно, есть основания полагать, что эффективность работ, представленных нашим экспериментальным классом, доказана.

Ключевые слова: ученик начальной школы, технология проектирования, творческие способности, инновационный проект, выставка, критическое мышление, новая идея, деятельность

PROJECT BASED LEARNING (PBL) TECHNOLOGY AS A MEANS OF SHAPING THE CREATIVE ACTIVITY OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Kasimova M.A.¹ *Akhataeva U.B.², Yesnazar A.Zh³, Zhorabekova A.N.⁴

^{*1,2,3,4}South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan

Abstract. The problem of the formation of creativity based on PBL technology in the formation of a competitive personality through the introduction of new innovative technologies into the modern education system is one of the relevant and demanding topics. The article considers PBL technology as a means of forming the creative activity of younger schoolchildren. In order to determine the relevance of the study, an analysis of educational standards, messages, curricula and research by scientists was carried out in order to clarify the concept of "creative activity", the theoretical foundations of the study were determined. The author's definition of the concept of "creative activity" was also proposed and the main stages of creativity were clarified. The features and advantages of PBL technology are considered.

63 students of the 2nd grade of school No. 49 in Shymkent took part in the study. Of these, 31 are control classes, 32 are experimental classes. Experimental work was carried out in the period from the first to the second quarter of the 2023-2024 academic year. At the ascertaining stage of the experiment, the questionnaire method revealed the attitude to the formation of creativity. The formation stage was implemented on the basis of three steps: the first is the organization of an exhibition project, the second is the organization of several projects, and the third is a critical opinion. The formation of creative activity using PBL technology - provides creative activity in the development of a project, a new product in educational activities, the idea of novelty, the ability to think critically, possession of advanced learning opportunities, intellectual and practical skills. At the third stage, the results of the experimental class showed a high indicator. The effectiveness of the works presented by us has been proven.

Key words: elementary school student, design technology, creativity, innovative project, exhibition, critical thinking, new idea, activity

Мақала түсті: 6 наурыз 2024